

Мәслихаттың 2021 жылғы 14 қазандағы № 60 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2022 жылғы 16 маусымдағы № 141 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28574 болып тіркелді

Қарасу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2021 жылғы 14 қазандағы № 60 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25064 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әр мүгедек балаға ай сайын сегіз айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу аудандық мәслихатының хатшысы

С. Кажиев